

7. Пестрецова О.Ю. Использование технологии «веб-квеста» на уроках иностранного языка // Современные тенденции в обучении иностранным языкам и межкультурной коммуникации: Материалы Международной заочной научно-практической конференции (24 марта 2011г.). Электросталь: Новый гуманитарный институт, 2011. -С.284-287.

8. Dodge B. Some Thoughts About WebQuests. Available at: http://webquest.sdsu.edu/about_webquests.html

Ташетов Аманжол Аскарлович

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің
6D010300 - педагогика және психология мамандығының
PhD докторанты.

МЕДИА БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ЖЕТІЛДІРУ КРИТЕРИЙЛЕРІ МЕН КӨРСЕТКІШТЕРІ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада, қазіргі ақпараттық қоғамда болып жатқан қарқынды өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында отандық білім дамуының стратегиялық жоспарын әзірлеуді және соған орай ұлттық білім беру жүйесінің жалпы әлемдік үрдістерді ескеретін жаңа үлгісіне көшуді талап етуде. Осы мақсатта оқу тәрбие үрдісіндегі тұлғаның сыни тұрғыда ойлау қабілетін жетілдіру критерийлері мен көрсеткіштері қарастырылған.

Кілт сөздер: *Ақпараттық қоғам, ЖОО білім беру, әлемдік білім беру кеңістігі, медиа ақпарат, сыни тұрғыда ойлау.*

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматриваются глобальные изменения в современном обществе, интенсивных изменений и дополнений в разработку стратегического плана развития отечественного образования с целью вхождения в мировое образовательное пространство, и следовательно, требует перехода на новую модель национальной системы образования, учитывающие общие мировые тенденции. С этой целью в учебно-воспитательном процессе предусмотреть совершенствование критерии и показатели критического мышления личности.

Ключевые слова: *Информационное общество, образование в ВУЗах, пространство мирового образования, медиа информации, критическое мышление.*

ABSTRACT

In this article, what be going on today in informative society of intensive changes and additions in development of strategic plan of development of home education with the purpose of included in outer educational space, requires passing to the new model of the national system educations taking into account general world tendencies. To that end in educational process perfection is envisaged criteria and indexes of the critical thinking of personality.

Keywords: *Informative society, education in INSTITUTIONS of higher learning, space of world education, medias of information, critical thinking.*

Әлемдік білім беру кеңістігіне ену педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты, білім берудің бағдарламасы өзгеріп, мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болды.

Елбасы Н.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер бүгінгі жастар, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады, яғни білім беру мен тәрбиенің түпкі мақсаты-қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу негізінде, ізгілігінен саяси, экономикалық дағдарыстарында жеңіп шыға алатын ХХІ ғасырды дамытушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты мәдениетті, дара тұлғаны қалыптастыру» деп тұжырым жасады.

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуі отандық білім дамуының стратегиялық жоспарын әзірлеуді және соған орай ұлттық білім жүйесінің жетістіктері мен білім дамуындағы жалпы әлемдік үрдістерді ескеретін жаңа үлгісіне көшуді талап етуде[1]. Білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр ұстаздың мақсаты

екені анық. Білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне оқушы белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әр түрлі медиа ақпараттарды қабылдай отырып, сыни тұрғыда ойлай алатын және өз көзқарасы тұрғысынан білімді, сауатты, өз ойын дұрыс әрі шебер жеткізе білетін тұлға қалыптастыру[2].

Дәстүлі кәсіби білім беру жүйесіндегі студенттердің білім, білік және дағдыларды меңгеруінің негізгі түрткілері сыртқы себептер болып табылады: ата-аналардың бақылауы және талаптары, жақсы баға алуға тырысуы, қатарластарының арасында беделін қолдауы, беделді ЖОО түсу үшін жақсы дайындалғысы келетіні. Сапалы білім алудың ішкі себептері – өз білім деңгейін жоғарылату, өмір бойы үздіксіз оқудың қажеттілігін түсіну, жаңа білімді игеру тілегін қанағаттандыру – жастар үшін оқу үрдісінде және өзіндік танымдық әрекетінде нақты рөл атқармайды.

Қазіргі таңда оқытушылар мен оқушылардың әдеттегі рөлін өзгерту жағдайлары жасалып жатыр, олардың өзара әрекеттесу үрдістерін жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл неден көрінетінін, қарастырайық.

Педагог негізгі білім беру көзі болудан қалып, әдіснамалық, ақпараттық-технологиялық және студенттердің әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары сияқты баспасөз, теле, радио, видео, кинобағдарламалармен қатар компьютерлік базадағы жаңа телебайланыс құралдарынан және жаһандық – ғаламтор орынын басуда. Ал олар адам өмірінде, адамдар арасындағы мәдени алмасуда, өскелең ұрпақтың білім және тәрби алуға, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени сала мен басқару үдерістерінде маңызды рөл атқара отырып, білім меңгеруге итермелейді және алған хабарларын күнделікті өмірде әртүрлі жағдайда қолдануға үйрету, өз бастамаларын көрсете білуге және сыни ойлауға ынталандыруда. Студенттер үшін дәстүрлі білім беру үрдісіндегі үлгерім критерийлерінің және оқудың нәтижелеріне деген көзқарасы өзгереді. Студенттердің көпшілігі білім құндылығының маңыздылығы баға емес, қалыптан тыс ойлау үрдісін жетілдіру екенін түсінеді. Сонымен, оқу үдерісінің барлық қатысушылары оқыту үрдісі үшін жауапты, әрбір студент үшін оқу мақсаты мен қажеттіліктерін анықтайды, білім беруде кездесетін мәселелерді іздестіреді және оларды жою жолдарын табу. Әрине мұндай өзара әрекеттесу ынтымақтастық сипатқа ие болады, ал оқыту үрдісі білімді меңгерту үрдісі болудан қалып, оларды іздестіру және алу үрдісіне айналады[3].

Қойылған мақсаттарға жетуді қалай қамтамасыз етеміз? Ол үшін алдымен оқыту технологияларын түзетіп алу қажет. Білімнің жеке мақсаттарына және жаңа әлеуметтік мәнін мойындау кезінде әрбір адамның және барлық қоғам алдында күрделі мәселелер туындайды: болып жатқан оқиғаларды талдауды үйрену; нақты мәселерге деген қарама-қайшы көзқарастарға шыдамды болу; болжамдарды тексеру және бекітуді қажет ететін гипотеза ретінде қарастыру; қоршаған әлем туралы жеке пікірін білдіре алу және сонда жеке мінез-құлқын түзете білу. Еліміздегі ұлттық білім беру доктринасы «балалар мен жастардың жан-жақты дамуына, оладың шығармашылық қабілеттерін, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға, тұлғаның өзіндік жетілуіне; балалар мен жастардың әлемдік танымын және заманауи ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға...» көп көңіл бөледі[4].

Біздің ойымызша, қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін белгілі сыни ойлауды дамыту технологиясы қызмет атқарады. Технологияны зерттеуде, келіп түскен ақпараттарды сыни өңдеу дағдаларын қалыптастыру негізгі тірегін және стратегиясына көптеген зерттеулер арналған. Бізді қызықтыратыны осы педагогикалық технологияларды пайдалану барысында, жеткен, студенттердің сыни ойлауының деңгейін бағалау әдістері мен критерийлері.

Сонымен, болашақ мамандардың әртүрлі кәсіби міндеттерді шешуге дайындық жетістіктері мақсатында педагог сыни ойлау дағдаларын жетілдіру бойынша белгілі жұмысты жоспарлайды, тиімді деген стратегияларды қолданады және шығарады. Бұл ретте, сыни ойлауды жетілдірудің педагогикалық мақсаттарын анықтай отырып, студенттерге қандай интеллектуалдық біліктерді үйрету қажеттігін анықтап алу керек. Алайда педагогтар осы кезде көптеген қиындықтарға тап болады. Сондықтан зерттеу барысында сыни ойлау

механизмдерін зерттедік және бізді қызықтыратын интеллектуалдық біліктер бөлінді. Оларға талдай алу және дәлелді қорытындылар жасай алу; болжамдарын тарту; жоспалай алу және болжам жасай білу; ұқсастықтар келтіре білу; алған білімдерін қолдана білу; себеп-тергеу байланыстарын бекіту; әртүрлі деректерден ақпараттар келтіру; ақпаратты құрастыра білу; әртүрлі көзқарастарды ескере білу және бағалау; дәлелдеу валидтілігін бағалау; ақпаратты бағалай білу.

Әрі қарай болашақ педагогтың алдында сұрақ туындайды: қойылған мақсатқа жеткендігін қалай білуге болады?

Өнімдерді талдау және олардың ойлау әрекеті көбінесе оқушылардың сыни ойлау дағдыларының қалыптасқандығын бағалау тәсілі болып табылады. Дәстүрлі білім беру мекемелерінде көп тараған ойлау өнімі ол, әртүрлі жазбаша жұмыстар (зерттеу нәтижелері бойынша есептері, эссе және т.б.), шығармашылық жұмыстары (синквейндар, кластерлер, презентациялар және т.б.) және жұмыс нәтижесін көрсететін басқа да тәсілдер. Айта кету керек, өнім арқылы ойлау стратегиясын бағалау күрделі тапсырма. Сондықтан тек қана өнімді бағалауға ғана мүмкіндік беретін емес, жұмысты орындау кезінде жетекшілік ететін нақты критерийлер бөліп шығару керек. Олай болса бағалау критерийлеріндегі жазбалар нақты болса, соғұрлым студент тапсырманы табысты орындау және қажетті дағдыларды игеру үшін не қажет екенін жақсы түсінеді.

Әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасау кезінде белгілі білім беру міндеттерін орындау үшін біз когнитивті (танымдық) әрекеттердің келесі бағалау критерийлерін пайдалануды ұсынамыз. (1 кесте).

А. В. Федоровтың еңбегін негізге ала отырып, ондағы шетелдік және ресей ғалымдардың сыни ойлау бойынша көптеген ғылыми еңбектерінің талдау нәтижелері ұсынылған[5]. Сол зерттеулердегі, біздің жүйелеген сыни ойлау көрсеткіштерін ұсынамыз (2 кесте).

Осы критерийлер мен көрсеткіштер негізінде студенттердің ақпараттық сыни ойлау дағдыларын қалыптасуының белгілі деңгейін анықтауға болады.

Медиа білім беру үрдісінде студенттердің когнитивті (танымдық) әрекеттерді бағалау критерийлері

Кесте 1.

Когнитивті (танымдық) әрекеттерді бағалау критерийлері	Когнитивті (танымдық) әрекеттердің қалыптасу көрсеткіштері
Ақпарат көздерін анықтау (идентификация)	ақпараттық мәселелерді анық түсіндіре білу; міндетті анықтай білу немесе түйіндей білу; сұрақты немесе мәселені нақтылай білу; анық немесе астарлап қойылған ақпаратты мәтіннен таба білу; терминдерді және ұғымдарды теңестіре білу; қойылған сұрақ немесе мәселені дәлелдей білу;
Ақпаратқа қол жетімділік немесе оны іздеу	ақпаратты нақтылау деңгейін ескере отырып терминдерді іздеп таба білу; сұралған терминдердің іздестіру нәтижесіне сәйкестігі; керек ақпаратты іздеу стратегияларының болуы; синтаксис сапасы
Ақпаратты басқару	ақпаратты құрастыру үшін жіктелу кестесін құра білу; ақпаратты құрастыру үшін ұсынылған жіктелу кестесін пайдалана білу

Ақпараттарды біріктіру	бірнеше деректерден ақпараттарды салыстыра білу; сәкес келмейтін тақырыпқа керек емес ақпаратты алып тастай білу; ақпаратты жалпылап, қысқаша және логикалық тұрғыда сауатты жеткізе білу
Ақпаратты бағалау	қажеттілікке сәйкес ақпараттарды іріктеу үшін критерийлерді іріктеу дағдысы; көрсетілген немесе өңделген критерийлерге қатысты ресурстарды таңдау дағдысы; қажетгі кезде іздестіруді тоқтата білу
Қорытынды өнімді жасау	алынған ақпараттар, соның ішінде қарама-қайшылықтар негізінде нақты мәселелерді шешуге ұсыныстарды өңдей білу; нақты мәселені шешуде бар ақпараттың көзделуі туралы қорытындылар жасай білу; өз қорытындыларын дәлелдей білу; қарама-қайшы ақпараттар туындаған кезде сұрақты еңгере отырып жарықтандыра білу; сенімді қорытындыларды жоғарылату мақсатында алынған ақпаратты құрылымдау дағдысы
Ақпаратты хабарлау (жеткізу)	тіл және сәйкес құралдар арқылы нақты аудиторияға ақпаратты жеткізуге бейімделе білу; деректерді сауатты талқылай білу; қажетгі жағдайда ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ете білу; мәдениетке, нәсілге, этникалық жағдайларға немесе жынысқа қатысты араңдатылған пікірлерді қолданудан алшақ бола білу

Медиа білім беру үрдісінде студенттердің сыни ойлау көрсеткіштері

2 кесте

Көрсеткіш түрлері	Негізгі сыни ойлау көрсеткіштері
Аффективті	дербес ойлау; эгоцентрикалық және социоцентрикалық себептерін түсіну; дұрыс пікір пайымдаулары; эмоциялар мен наным-сенімдердің өзара байланысын көре білу; асығыс пайымдаулардан ұстай білу; ойлау батылдығы; адал ойлау; интеллектуалдық міндеттерді шешудегі табандылық; ой-пікір сенімділігі
Микрокогнитивті	абстрактілі шынайылық түсініктерін салыстыру/ қарама қарсы салыстыру; айтылған пікірлердің сыншылдығы және дәлдігі; айтылған пікірлерді талдау және бағалау; қорытындыларды талдау және бағалау; қарастырылған мәселеге байланысты ақпаратты бөліп көрсете білу; түсініктемелер, ақыл-ой қорытындылары, болжамдар қисындылығы; айтылған пікірлердің дәлелдігін бағалау; талқылаулардағы қарама-қайшылықтарды көре білу; оқиғалар/құбылыстардың тура және жанама салдарын талдау

Макрокогнитивті	<p>қысқартуға тырыспай хабарлау; жаңа сөйлем құрамына ұқсас жағдайларды салыстыру; көзқарасын кеңейту: бір мәселені жан жақтан қарастыру, әртүрлі дәлелдер, болжамдар айта білу; айтылған жағдайлардың, түйіндердің, пікірлердің анықтылығы; сөз таңдауда ойлану, баяндау анықтылығы; бағалау критерийлерінің әзірлемесі: базалық құндылықтар мен қалыптардың анықтылығы; ақпарат сенімділігін бағалау; ойлау тереңдігі: әлдеқайда маңызды мәселелерді бөліп шығару; дәлелдер, түсініктемелер, сенімдер, болжамдар талдау; нақты шешімдерді бағалау; адам іс әрекетін/мінез-құлқын талдау және бағалау; оқуға сын тұрғысынан қарау: мәнін түсіну, оқып шыққан мәтініне сын тұрғысынан баға беру; сыни тыңдау («сөзсіз» диалог); пәнаралық байланыстарды орнату; «қысқаша әңгіме» жүргізу қабілеті, диалог арқылы серіктесінің сеніміне баға беру; диалогта талқылау: әртүрлі көзқарастарды, тәсілдерді, болжамдарды салыстыру; диалог түрінде талқылай білу: көзқарастар, тәсілдер, болжамдарды бағалау</p>
------------------------	---

Бірінші деңгей – таңдау ол студенттерде былай сипатталады:

- ақпараттар кемшілігін және қойылған міндеттерді шешу үшін қажеттілігін ұғынбайды;
- ақпаратты іздестіру үшін бір ғана ұсынылған ақпарат көзін пайдаланады;
- алған ақпарат түсінігін ұсынады;
- жаңа ақпаратты құрастыру кезінде ақпараттық-қатынас құралдарын қолдануда қиындықтарға ұшырайды.

Екінші деңгей – бейімделген – ол студенттерде былай сипатталады:

- жалпы қандай да бір міндеттерді шешу үшін ақпарат жетіспейтінін түсінеді;
- бірнеше ұсынылған ақпарат көздерін пайдаланады;
- шешілетін тапсырмалар құрамында алынған ақпаратын түсіндіріп береді;
- қалыпты жедел іскерліктерін көрсету кезінде ақпараттық-қатынас құралдарын қолданады.

Үшінші деңгей – әмбебап – ол студенттерде былай сипатталады:

- міндеттерді шешу үшін қандай ақпарат қажет, қай ақпарат қажет емес екенін түсінеді;
- қойылған мақсатқа сәйкес келетін ақпарат көздерін өзі таңдайды;
- жаңа ақпаратты жасау үшін ақпараттық-қатынас құралдарын дербес қолданады, бірнеше бағдарлама құралдарын түсіндіре алады.

Айтылған барлық критерийлер мен көрсеткіштер тек сыни ойлауға ғана жатпайды сонымен қатар, олар адамның ақыл-ой іс-әрекетіне жатады. Алайда, осы критерийлер мен көрсеткіштерді студенттердің сыни ойлау дағдылары мен біліктерін жетілдіру кезінде ескеруге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.
2. Кластер Д. Что такое критическое мышление? [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://testolog.narod.ru/Other15.html>.
3. Сейітказы П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері: п.ф.д. дис. авторефераты. Астана, 2009 ж.

4. Мельникова Е. П. Способность к критическому мышлению как критерий качества подготовки специалистов// Среднее профессиональное образование. 2009. № 4.
5. Федоров А. В. Развитие медиакомпетентности и критического мышления студентов педагогического вуза// МОО ВППП ЮНЕСКО «Информация для всех». 2007.

Тирская Ирина Алексеевна
ст.преподаватель каф. педпсихологии
Государственного университета им. Шакарима г. Семей,
методист ясли-сада №9 «Айгөлек»
г. Семей

ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В ИНКЛЮЗИВНОЙ ГРУППЕ ДЕТСКОГО САДА

АННОТАЦИЯ

Мақалада мектепке дейінгі мекеме жағдайында инклюзивті білім әдістерін және жағдайын ұйымдастыру міндеттері ашық көрсетілген. Енгізілген балаларға психологиялық – педагогикалық қосау жүйесін енгізу бойынша ясли – бақша ұжымының жұмыс тәжірибесі жалтыланып ұсынылған.

Түйінді сөздер: инклюзия, дараландыру, төзімді көзқарас, қосау, әлеуметтендіру.

АННОТАЦИЯ

В статье раскрываются задачи, условия и методы организации инклюзивного образования в условиях дошкольной организации. Обобщен и представлен опыт работы коллектива ясли-сада по внедрению системы психолого-педагогического сопровождения включенных детей.

Ключевые слова: инклюзия, индивидуализация, сопровождение, толерантное отношение, социализация.

ABSTRACT

The article describes the tasks, conditions and methods of inclusive education in preschool organization.

Generalization and performance the experience of the collective kinder – garden by introduction system psycho – pedagogical support of inclusion children.

Keywords: inclusion, individualization, tolerant attitude, accompaniment, socialization.

В 70-е годы прошлого века наиболее развитые в социально-экономическом и культурном отношении страны мира перешли на путь интеграции в обучении детей с отклонениями в развитии [2].

В Казахстане интегрированные процессы приобрели признаки устойчивой тенденции в конце 90-х годов. Это связано с реформами политических институтов, с демократическими преобразованиями в обществе.

Дошкольный возраст является благоприятным периодом для интеграции детей с отклонениями в развитии в коллектив здоровых сверстников.

Наиболее адекватными условиями для проведения целенаправленной работы по интеграции располагают ДО комбинированного вида, имеющие как обычные, так и специальные (коррекционные) дошкольные группы. Наш опыт показал, что в этих условиях возможно эффективно осуществлять интеграцию проблемных детей с учетом уровня развития каждого ребенка, выбирая полезную и возможную для него интеграцию.

Сегодня в ясли-саду №9 «Айгөлек» г. Семей работают три дошкольные группы, куда включены 5 детей с особыми потребностями, имеющие диагнозы: общее недоразвитие речи, ЗПР, аномалия развития ЦНС, умеренно выраженная гидроцефалия, нарушения зрения.

В этих группах осуществляется комбинированная интеграция, так как уровень психофизического развития включенных детей близок к возрастной, и они на равных воспиты-